

Аудан әкімінің
есептік кездесулері
2-бет



«Ашық желдеткіштер»
ауылы
4-бет



Қоғамдық ұйымдар бірлесіп
жұмыс істеуге көшті
5-бет

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 6 (7890)
Жұма,
5 ақпан 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

Жаңалықтар

★ РЕСПУБЛИКАДА

ШҚО-ДА ҚҰРЫЛЫСЫ ҰЗАҚҚА СОЗЫЛҒАН НЫСАНДАР ТАПСЫРЫЛДЫ

Елдің шығысында 2015 жылы «күрделі» құрылыс нысандары ерекше бақылауда болды. 2004 жылдан бері аймақтағы құрылысы ұзаққа созылған нысандардың саны 118-ге жетті. Облыс әкімі Даниал Ахметовтің басшылығымен қолға алынған қарқынды жұмыстың арқасында, өткен жылы 94 нысан немесе жалпы көрсеткіштің 80 пайызы пайдалануға берілді.

Құрылысы ұзаққа созылған нысандарға жауапты болған барлық жосықсыз компаниялар, «қара тізімге» енгізілді және тендерге қатысу мүмкіндігінен айрылды. Құрылыс нормалары мен ережелердің қатаң сақталуын, облыс әкімі Даниал Ахметов жіті бақылауында ұстады.

Атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша 2015 жылы 45 әлеуметтік-мәдени және 34 тұрғын үй, 9 энергетика саласындағы нысан пайдалануға берілсе, 6 жобалық-сметалық құжат дайын. Аталған нысандардың ішінде құрылысы 2008 жылдан бері жалғасып келе жатқан Өскемен қаласындағы Қан орталығы, 1000 орындық мектеп (2012 жылдан бастап), Семей қаласындағы облыстық

онкологиялық диспансердің радиологиялық орталығы. Оның құрылысы 2004 жылы басталған болатын. Сондай-ақ, Глубокое ауданындағы Зимовьево интернатуінің құрылысы аяқталды, Зырян ауданының Чапаево ауылында 130 орынға арналған орта мектеп салынды.

ШҚО құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мәди Отарбаевтың айтуы бойынша құрылысы 2016 жылға қалтырылған 24 нысан, уақытылы тапсырылуы үшін ведомство бар күш жігерін салады.

Осылайша, биылғы жылы Зырян ауданындағы бұрынғы Грехов кен орнының әкімшілік ғимаратында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оңалту орталығына айналды. Сондай-ақ, Тарбағатай ауданының Ақсуат ауылында спорт модулі салынады. Оқу жылының бас кезіне қарай Үржар ауданының Қабанбай ауылында 320 орындық және Күршім ауданының Үшбұлақ ауылында 80 орындық мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр.

**ШҚО әкімдігінің
баспасөз қызметі.**

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСҚАН АРМАНЫ

Ауданымызда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған акция басталды.



Биылғы жылдың саяси маңызды уақиғаларының бірі аудандық Мәдениет үйінде бастау алды. Ғимараттың екінші қабатында жүзден астам адам жиналды, олардың басым бөлігі жастар болды.

Салтанатты шараны ашқан аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин, Қазақстан халқы 25 жыл егеменді елде, татулық пен бірлікте өмір сүріп жатқанын атап өтті.

- VIII ғасырда біздің ата-бабаларымыз «Мәңгілік ел» жазуын тасқа қашап жазған болатын. Бұл олардың ұлттық сәйкестілікті сақтап, Қазақстан аумағында өзінің мемлекеттілігі болуын тілегендіктерін білдіреді, - деді Ахметқали Ақашұлы. —Осы армандары жүзеге асты. Біртұтас елде, Қазақстанның біртұтас халқы тұрып жатыр. Бұл жылдар ішінде еліміз, мемлекет ретінде қалыптасқан, әлемде экономикалық және саяси мәнділігін тапты. Қазақстандықтар әртүрлі салаларда, ғылымда, ауыл шаруашылығында және т.б. жоғары көрсеткіштерге жетіп, спорт саласында да жетістіктерімен танымал.

Бұның бәрі Президентіміз, ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал, көреген саясатының арқасында мүмкіндік алып отыр. Әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында мемлекет Басшысы

Отанымыздың игілігі үшін бірлесе күш салуға шақырады. Бірлік арқасында қазіргі оңай емес уақытта қиындықтарға төтеп беретінімізге сенімдіміз және еліміздің өркендеуіне бар күшімізді саламыз.

Аудан әкімі айтқандай, Қазақстан Тәуілсіздігі мерейлі жылының әр айы ҚР Тәуелсіздігі аясында және «Мәңгілік ел» идеясын насихаттаумен біздің ауданда айрықша өтеді. Мемлекет егемендігіне, салауатты ұлт, Ұлы дала дәстүрлеріне, халықтар татулығы мен келісіміне, мәдени мұраны сақтау және тәуелсіз Қазақстанның өзге де құндылықтарына арналған шаралар өтетін болады.

Салтанатты шара барысында патриоттық тұрғыда сөздер айтылды, өлеңдер оқылып, би билеп, әндер шырқалды. Дамитов атындағы орта мектебінің бесінші сынып оқушысы Айжан Қабдрахманова «Мәңгілік ел – мұратым» атты өлеңді аса шеберлікпен орындағаны баршаны тәнті етті. Айта кетерлігі, өлеңнің авторы – Айжанның әкесі, аудандық мәслихаттың маманы Бейімбет Болаев.

Еліміздің маңызды тарихи кезеңдері, оның егемендігін алған сәттен бастап дамуы, өскелең ұрпаққа тәуелсіздік не бергені туралы өз сөздерінде облыстық тарихи-өлкетану мұражайының Катонқарағай филиалының директоры Оралғазы Қажаяев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразхан Тұрысбаев, Үлкен Нарын лицейінің 11 сынып оқушысы, ШҚО чемпионы, Қазақстанның қола жүлдегері, шаңғы жарыстарының спорт шеберіне кандидат Александр Малахов, ҚР Тәуелсіздігінің құрдасы, жас маман, Катонқарағай аграрлық – техникалық колледждің информатика пәнінің оқытушысы Ерасыл Қошпанов атап өтті.

Аудан орталығы мектептерінің жас мұғалімдері мен оқушылары патриоттық әнге флеш-моб көрсетті.

Шара соңында «Тәуелсіздікке - 25» жазуымен плакат жапсырылған шарлар аспанға жіберілді. Бұл рәсімді өткізу құрметі аудан әкімі Ахметқали Нұрғожинге, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразхан Тұрысбаевқа, агроколледж оқытушысы Ерасыл Қошпановқа және лицей оқушысы Александр Малаховқа берілді.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

ҚҰРМЕТТІ КАТОНҚАРАҒАЙЛЫҚТАР!

Шығыс Қазақстан облысының әкімі АХМЕТОВ ДАНИАЛ КЕНЖЕТАЙҰЛЫНЫҢ тұрғындар алдындағы есебі 2016 жылғы 26 ақпанда сағат 11.00-де Металлургтер мәдениет сарайында мына мекен жай бойынша өтеді: Өскемен қ., Тәуелсіздік даңғылы, 68.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі есебінің тезистеріне ұсыныстар мен ескертулеріңізді барлық деңгейдегі әкімдіктер ғимараттарында орнатылған ұсыныстар мен ескертулер жинауға арналған жәшіктер арқылы немесе облыс әкімінің www.akimvko.gov.kz сайтындағы «Сұрақ-жауап» айдары арқылы бере аласыздар.

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің есебіне тұрғындардан түскен сұрақтар, ескертпелер мен ұсыныстарды жинау үшін қойылған жәшіктердің орналасқан жерлері

№	Орналасқан жері	Мекенжайы
Катонқарағай ауданы		
1	Катонқарағай аудан әкімі аппаратының ғимараты	Үлкен Нарын ауылы Абылайхан көшесі, 102
2	Үлкен Нарын ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Үлкен Нарын ауылы Абылайхан көшесі, 116
3	Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Ново-Хайрузовка ауылы Школьная көшесі, 4
4	Солоновка ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Солоновка ауылы Советская көшесі, 38
5	Ново-Поляковка ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Новополяковка ауылы Шапорев көшесі, 46
6	Алтынбел ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Алтынбел ауылы С. Сейфуллин көшесі, 1
7	Солдатово ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Солдатово ауылы Молодежная көшесі, 2
8	Белқарағай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Белқарағай ауылы С. Жунусов көшесі, 42
9	Катонқарағай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Катонқарағай ауылы Жампеисов көшесі, 19
10	Өрел ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Өрел ауылы Қабанбай батыр көшесі, 33
11	Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Жамбыл ауылы Қайнар көшесі, 21
12	Аққайнар ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Аққайнар ауылы Абай көшесі, 15
13	Коробиха ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Коробиха ауылы, Заречная көшесі, 1
14	Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Ақсу ауылы, Абай көшесі, 23/1

Съезд делегатының мінбері

СЕНІМ - ПАРТИЯЛЫҚТАРҒА

Мен «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XVII-ші съезінің делегаты болу құрметіне ие болдым. Мұндай съезде болуым алғашқы рет болмаса да, толқу сезімін кештім.

Мүмкін бұған, аталмыш партиялық форум еліміз үшін қиын сәтте өткендігінен ерекше болып, сонымен қатар, оның жұмысына негізгі баяндамамен партиямыздың Көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысқаны әсер еткен шығар.

Сондай-ақ, мұнда басқарма органдарының өкілдері, баршаға танымал, мәдениет және спорт салаларының беделді қайраткерлері, дипломатиялық корпусың, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының өкілдері, барлық деңгейдегі партия филиалдарының төрағалары мен орынбасарлары қатысты.

Съезде талқыланған басты мәселелердің бірі, «Қазақстан-2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты «Нұр Отан» партиясының жаңа Сайлауалды бағдарламасын қабылдау болды. Сонымен қатар, съезде, өткендегі Сайлауалды тұғырнаманың орындалуы қорытындыланды.

Партияның жаңа Сайлауалды тұғырнамасы Ұлт жоспары – «5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» және ел Президентінің Қазақстан халқына

арнаған биылғы Жолдауымен уйлесуде. Мемлекет Басшысы алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындауда партиялықтарға ерекше сенім артып отыр. Әсіресе, бұл халықтар арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісіп тұрған кезеңінде, жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайында ерекше маңызды. Нұротандықтар бұл жағдайда үлкен роль атқаратынына ол пұқ сенімді екенін білдірді.

Нұрсұлтан Әбішұлының сөйлеген сөзі барлығына ертеңгі күнге деген сенімдерін нығайтты. Съезд делегаттарының сөздері жігерлі, шабытты болды. Колонна залындағы жиын салтанат, бірлік, ынтымақтастық жағдайында өтті. Біз барлығымыз, өзімізді біртұтас организм болып сезіндік. Кісілердің көңіл-күйінен, олардың сөйлеген сөздерінен, бүкіл еліміз өздерінің Көшбасшысы айналасында бірігіп, қолдау көрсететіні сезіліп тұрды. Ендігі біздің міндетіміз оның сөздерін әрбір қазақстандыққа жеткізу.

Гүлбаршын Ағажаева,
«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, съезд делегаты.

ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛДАРҒА КӨҢІЛ БӨЛУ ҚАЗЖЕТ

(Жалғасы. Басы 2-бетте)

Жергілікті маңызы бар жолдардың қыс уақытындағы күтіміне қажетті қаражаттың тек 30 пайызын бөледі, ал қар биылғы жылы, Новополяковка, Ақсу, Коробиха округтерінде жылдық нормасынан асып жауып тастады. «Үшбұлақ-23» ЖШС-нің атқарушы директоры Дамир Байғонұсов түсіндіргендей, күзгі-қысқы кезеңі басталғаннан бергі үш ай ішінде, қар көшкісі түсу қауіпі бар учаскелер мен жолдарды, көшкі түскен жерлерді тазалауға 27 рет техника пайдаланылып, 10 тонна жанар-жағармай жұмсалып қойды. Қелік қатынасын қамтамасыз ету үшін, қожалық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі

аясында өз қаражатын да жұмсауда. Коробиха, Ақсу округтерінің жолдарын күтіп ұстау тиімсіз болуда, ал «Үшбұлақ-23» бұл жұмысты, негізінен, тек өздерінің механизаторшыларын жылкөлемінде жұмыспен қамту үшін ғана қолға алады.

Ауыл тұрғындарының сауалдарына жауап беру барысында, аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин Қабдолда Төлегетай пен Қорған Байболов ақсақалдарға ауыл мәселелеріне бей-жай қарамай, белсенділік танытқандары үшін ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, ол көтерілген мәселелердің көбін округ жұртшылығының кеңесі арқылы

шешуге болатындығын атап өтті. Мәселен, қоғамдық көліктің мәселесін шешу үшін, Ақсудағы «Газель» шағын автобусының иесін жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру конкурсына қатысуына ықпал етіп, көндіруге болады. Маршрут шығынды болғанмен, ол аудандық бюджеттен дотацияланады.

Ауданда 364 километр жергілікті маңыздағы жолдар, олардың 17 ғана асфальтталған. Олардың жағдайымен үнемі айналысатын боламыз, - деді А.Нұрғожин.

Сонымен қатар, аудан әкімі ауылдықтарды ауылшаруашылық тауарөндірушілерді қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға

белсене қатысуына үндеді. Және, ауылдық несиелік серіктестік арқылы «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша несиелер алуға, жылқы және омарта шаруашылықтарында асыл тұқымдық ауылшаруашылық құрылымдар құру және оларға тиісті субсидияларды ресімдеу мақсатында 5-6 ұсақ отбасылық қожалықтардан экономикалық ұйымдар құруға шақырды.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

ӘКІМДЕРГЕ РИЗАШЫЛЫҚТАРЫН БІЛДІРДІ

Өрел ауылдық округінің тұрғындарының өткен жылға, атқарушы биліктерге еш реніштері жоқ. Мұны олар ауыл әкімі Еркін Көбешов пен аудан әкімі Ахметқали Нұрғожиннің Өрел, Аршаты, Еңбек ауылдарының тұрғындары ал-

минутқа созылған басқосуда отырғандар қос әкімнің де есептерін мұқият тыңдап ешқандай да келіспеушілік, реніш білдірген жоқ. Баяндаманы талқылауға қатысқан зейнеткерлер Мәулетхан Ауғанбаев пен Хауан Асыл

на сіңірген жемісті еңбектері үшін зор алғыстарын айтып, ауданға жаңадан басшы болып келген Ахметқали Нұрғожинге еңбекте табыс, жеке өміріне көп жақсылық тіледі.

Әлемді жайлаған дағдарысты біз Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың, биліктегі азаматтарымыздың арқасында еш сезініп отырғанымыз жоқ, - деді үлкен әулеттің басы, көпбалалы ана Хауан Асыл. - Зейнетақыларымызды уақытында алып тұрмыз. Дүкендерімізде тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түліктің барлық түрі бар. Ем-дәрілерден де еш мұқтаждық жоқ. Ендеше бізде еш қиыншылық та жоқ. Тек ерінбей еңбек ету керек.

Жамбыл ауылдық округінде де екі әкімнің есебі оған қатысушылармен жақсы қабылданып, лайықты

бағасы берілді. Бірінші болып жарысөзге шыққан ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жомартқан Абраимов ең алдымен А. Нұрғожинді жаңа қызметімен құттықтады, аудан халқы үшін жемісті еңбек етуін тіледі. Одан соң, округ тұрғындарының жыл өткен сайын береке-бірлігінің нығайып келе жатқандығын, соның арқасында көптеген жұмыстардың у-шусыз, бюджет қаражатынсыз істелінгендігін әңгімеледі. Атап айтқанда Жамбыл мен Өрел ауылдары арасында ағып жатқан Бұқтырма өзенінің бір айрығына салынған көпірді, оның құрылысына белсене араласқан ауылдастары, Жамбыл ауылында соғыс ардагерлеріне арнап қойылған ескерткіш тақта жайында сөз етті. Жамбыл ауылдық округі әйелдер кеңесінің төрайымы Күлдәш Әнуарбекова да екі әкімге ізгі тілегін білдірді.

Жамбыл ауылының тұрғыны Сейтебек Шәкіртов артық мал өнімдерін дұрыс бағаға сатуға, қыстық отындарын алудағы кездесетін қиыншылықтары жайында сөз етті. Зейнеткер Сәмиға Әбілғазызова отбасында жұмыссыз отырған ұл-келініне көмектесуді сұрады.

Жиын үстінде көтерілген барлық мәселелерге аудан әкімі А. Нұрғожин Катонқарағай МҰТП Чернова филиалының директоры Батырбай Әбиев, орман инспекторы Мырзабек Байсақалов толыққанды жауап берді.

Өрел мен Жамбыл ауылдық округтерінде болған жиындарға облыстық қаржы басқармасы бастығының орынбасары Жиенхан Әбенев қатысып отырды.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.



дында есеп берген жиынында көрсетіп берді. Бар жоғы елу

ауыл әкімі Еркін Көбешовке өз ауылдары мен округтары-

Дін

29 қаңтар күні аудандық мешіт және білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Үлкен Нарын ауылындағы Ленин атындағы орта мектеп ғимаратында «Ислам дініндегі әйелдердің рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел шарасы өтті



. Аталмыш шараға білім беру бөлімінің әдіскері Г.Оралова, аудан орталығы мектептерінің ұстаздары қатысты.

Біздің елімізде әйел теңдігі, олардың діндегі және қоғамдағы орны жайлы мәселелер жиі көтеріліп, біртіндеп шешімін

Ислам дініндегі әйелдердің рөлі

тауып келеді. Мәселен, Елордамызда болған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің ІҮ съезінің бір секциясы: «Дін және әйел: рухани құндылықтар мен заманауи сын-тегеуріндер» атты тақырыпқа арналған болатын. Елбасымыз да әйелдердің мемлекеттің маңызды қызметтерін атқаруын қолдап келе жатқанын жақсы білеміз. Әсіресе, Қазақстан халқына арнаған Жолдаудың бірінде Мемлекет басшысы: «Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз. Біз ананы қорғап-қолдауымыз керек. Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек», - деп, ерекше атап көрсеткен.

Президент Н. Назарбаевтың әйелдер қауымына қатысты айтқан осындай салиқалы пікірлерімен баяндамасын бастаған аудандық мешіттің имамы Шодихан қажы Хидиров ислам дініндегі әйелдің рөліне кеңінен тоқталды.

– Қазіргі жаһанданудәуірінде, әсіресе, әлемде дінаралық, ұлтаралық шиеленістер сақталып тұрған кезеңде діннің ізгілік мұраттарын насихаттау, түсіндіру, сондай-ақ, жас ұрпаққа тәрбие дарытар ананың, әйелдің рөліне мән беру мәселесі өзектілікке айналып тұрған уақытта біз осы тақырыптар жөнінде мектепте оқушылармен, әсіресе қыз балалармен кеңірек әрі жиірек ашық сұхбаттасуымыз қажет. Ислам әлеміндегі әйелдің рөлі жөнінде айтқанда көпшілік оны әйел адамға деген тыйым-

дардан тұрады деп ойлайды. Сондықтан да көбінесе әйелдің құқығы, қазіргі дәуірдегі еркіндігі туралы айтылып жатады. Ислам дінінің әйелге қоятын талаптары оның жеке басын төмендетуден немесе тұқыртудан тұрмайды, бұл талаптардың ең басты міндеті – әйелдің ана ретіндегі парызымен сабақтасып, оның отбасындағы міндетін орындауымен, дұрыс ұрпақ тәрбиелеуімен терең байланысып жатыр, - деді Қ. Дамитов атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Нүрілә Садуова, өз пікірін білдіріп.

Дөңгелек үстел барысында шараға қатысушылар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойды. Оған имам Шодихан қажы тиісті жауаптар қайтарды.

Жанар Касымханова.
Сурет автордікі.

БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

Аудандық «Арай»-«Луч» газетінің алқасы өткен жылы жас талапкерлер арасында жарияланған жергілікті ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Төлеген Рахымжановтың атындағы дәстүрлі шығармашылық байқаудың қорытындысын шығарды. Байқауға қатысушылардың аздығынан және де келіп түскен шығармаларда жарияланған тақырыптардың толық ашылмағандығынан жүлделі орындар берілмесін деп шешілді. Юбилейное орта мектебінің мұғалімі Жақан Айболат, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Аяулым Мантаева мен Әбдікерім атындағы Шыңғыстау орта мектебінің оқушысы Мәди Мантаев байқауға қатысқаны үшін Алғыс хатпен және көтермелеу сыйлығымен марапатталатын болды.

Аудандық газет биылғы жылы да Т. Рахымжанов атындағы дәстүрлі байқауды жалғастырады. Көркем сөз өнеріне, шығармашылыққа бейімі, ұмтылысы бар ауданымыздың барлық жастарын байқауға қатысуға шақырамыз. Сонымен бірге мектептердің қазақ тілі мамандарынан келешекте әдебиетші немесе журналист болуды қалап жүрген жоғары сынып оқушыларының қаламдарын осы байқау арқылы ұштай түсуіне ықпал етіп, қолдау көрсетулерін сұраймыз.

Жәнібек Қызыр.

Байқауға қатысайық!

«Арай»- «Луч» газетінің алқасы жерлес ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Төлеген Рахымжанов атындағы жыл сайынғы байқаудың жалғастырылатындығын хабарлайды

Байқауға әдебиетшілер, тарихшылар, журналистер, жергілікті өлкетанушылар, жоғары сынып оқушылары, жалпы оқырман қауым қатыса алады. Талапкерлерге қойылатын шарт - байқауға қатысушылардың жас мөлшері 14 –тен 29 жасқа дейін және үміткерлер Катонқарағай ауданының аумағында тұруы керек.

Байқау төрт аталым бойынша өткізіледі:

- «Жырым сенсің туған жер»

- «Еңбек ер атандырады»

- «Ерлік елге - мұра, ұрпаққа - өнеге!» (Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына)

- «Еркін тақырып»

Жанрды талапкер өзі таңдайды. Байқауға қатысушылар аталған аталымдар бойынша өзі қалаған тақырыпқа көркем сөзбен немесе поэзия тілінде шығармасын жазып, компьютермен теріп ағымдағы жылдың 25 қыркүйегіне дейін Үлкен Нарындағы газет редакциясына немесе Катонқарағайдағы тілшілер қосынына «Байқауға» деген айдармен әкеліп берулері керек.

Әрбір материалдың көлемі 2-3 парақтан аспауы тиіс. Байқау жеңімпаздарын анықтаудағы басты өлшем - шығармалардың көркемдік және тақырыптық ашылу деңгейі, тіл байлығы. Сөйтсе де, туған жерді сүюге, жерлестеріміздің соғыстағы

және тылдағы, бейбіт еңбектегі ерен еңбектерін паш етуге, ауданымыздың дамуындағы игі істерді ашып көрсетуге, ұлттық құндылықтарымызды-тілімізді, ділімізді, салт-дәстүрлерімізді сақтап, олардың қолдану аясын кеңейтуге, ел бірлігін күшейтуге үндейтін шығармаларға іріктеу барысында басымдық беріледі.

Байқау қорытындысында дара шыққандарға ақшалай сыйлықтар мен Мадақтау парағы табысталады:

-бірінші орынға-30 мың теңге;

-екінші орынға -15 мың теңге;

-үшінші орынға -10 мың теңге;

Теңге бағамының өзгеруіне байланысты сыйақылар мөлшері көбеюі де мүмкін.

Құрметті оқырмандар, жерлестер! Мақалаларыңызды, суреттемелер мен очерктеріңізді, өлеңдеріңізді күтеміз!

Мекен-жайымыз: Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, №96 үй, Катонқарағай ауылы, Жампейісов көшесі, ауылдық әкімшілік ғимараты, тілшілер қосыны.

Байланыс телефондары: 872341 2-11-53, 872342 2-13-71.

Үн қату

ЖАҢА КҮШТІ ЖҰМЫЛДЫРУ ҚАЖЕТ

Қазақстанның ардагерлер ұйымдары ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы бастаманы бірауыздан қолдайды. Ұзақ жылдар бойы партиялық, шаруашылық және атқарушы органдарда қызмет еткен адам ретінде, мен бұл тақырыпты талқылаудан шет қалмауға тиіспін.

Өртүрлі уақытта көптеген қиындықтарды бастан кешкен, шыңдалған аға-ұрпақ өкілі ретінде, біз уақыттың жаңа талабына және мәселелеріне бей-жай қарап отыра алмаймыз. Өйткені, аталмыш мәселе әлемдік тоқырау кезеңінде біздің елімізді де шарпып отыр.

Бүгінгі күнгі еліміздің өмірі – алақандағыдай. Елімізде болып жатқан өзгерістер бізге түсінікті, бәрі ашық, халықпен кеңесіп, халық алдында билік есеп беруде. Міне, қазір де Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Парламент Мәжілісінің бесінші шақырылымын тарату жөнінде Жарлыққа қол қоюына және ҚР Парламент Мәжілісінің кезектен тыс сайлауын тағайындауына байланысты халыққа Үндеу жариялады.

Меніңше, әдеттегідей, Президент барлығын жан-жақты ойластырды және Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы шешім кездейсоқ қабылданған жоқ. Біріншіден, экономикадағы тоқырау жағдайларынан сәтті өту үшін бізге алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін жаңа күш жұмылдыру қажет. Еліміздің өкілетті билік тармақтарына



білімді азаматтарды, жастарды, ғалымдарды, Қазақстан мүддесін алдыңғы кезекке қоятын азаматтарды қатыстыру қажет.

Екіншіден, Мәжілістің кезектен тыс сайлауы мен облыстық және аудандық мәслихаттардың кезекті сайлауларын біріктіріп өткізу – еліміз үшін күрделі кезеңде уақытты да, күш пен қаржыны да үнемдеуге мүмкіндік береді. Өйткені, екі сайлау науқанының орнына бір ғана сайлау науқаны өткізіледі. Бұл халық үшін де тиімді.

Президенттің еліміздің тағдырына жауапкершілікпен қарау және патриоттығымызды нығайту мақсатында жасаған Үндеуін әрбір қазақстандық қолдайды деп ойлаймын. Және бұл ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында өте маңызды.

Федор Тұмарбаев,
еңбек ардагері.
Катонқарағай ауылы.

Депутат мінбері

«Ашық желдеткіштер» ауылы

Біздің «Нарын-Сервис» ЖШС-нің барлық іс-қызметі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған. Өйткені, ол тұрғындарды су және жылумен қамтамасыз етумен, әлеуметтік маңызды нысандарды жөндеу және салумен, аудандық маңыздағы жолдардың күтімімен және көркейтумен шұғылданады. Бірақ, депутат ретінде, өзім үшін мен аудан орталығы - Үлкен Нарынның тұрғындарын ауызсумен және жылумен қамтамасыз етудің сапасын жоғары деңгейге көтеруді басты міндетім деп санаймын.

Әрине, бұл мәселелермен мен депутаттық мандатқа ие болғанға дейін де, одан кейін де шұғылданып келемін, осы уақытқа дейін біраз мәселелердің шешілуіне қол жеткізілді. Әсіресе, соңғы жылдарда аудан орталығында атқарылған жұмыстар тұрғындар үшін аса маңызды болды. Мысалы, қазіргі уақытта орталықтандырылған су жүйесі бүкіл аудан орталығын түгелдей дерлік қамтыды.

Жылу жүйесі мен қазандықты өзгертіп салу бойынша жобаның жүзеге асуы – дәл осындай деңгейде. Мұнда нақты тоқталатын жайт: ауданның бұрынғы әкімі Серік Зайнулдиннің осыдан бірнеше жыл бұрын жасалған аудан орталығында жаңа қазандық салу және жылу жүйелерін жаңалау туралы ұсынысты қолдауы, сондай-ақ, Үлкен Нарынның тумасы, сенатор Сергей Плотниковтың бұл мәселені жүзеге асыруға зор күш салғанын атап өту қажет. Осылайша, өткен жылы тұрғындардың пәтерлері мен мекемелер ғимараттарына сапалы жылу беріле бастады.

Егер Өскемен қаласын «ашық желдеткіштер» қаласы деп атаса, енді Үлкен Нарынды «ашық желдеткіштер» ауылы деп атауға болады. Қазір жылу тек бұрыннан қосылған нысандарды ғана жылытып отырған жоқ. Жүйенің ұзындығы анағұрлым арттырылды, жылу тұтынушылар саны әлдеқайда көбейді. Қазіргі уақытта бұрынғы үш қазандықтың орнына бір ғана қазандық жұмыс істейді, алдағы уақытта жылу жүйесіне басқа да нысандар қосылатын болады. Мұның барлығы тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықты термомодернизациялау бағдарламасының арқасы.

ТҚШ нысандарының жұмысын қамтамасыз ету - әуелбастан шығыны көп қызмет болатын. Сондықтан, кәсіпорынның қаржылық жағдайына қолдау көрсету үшін біз үнемі кірісі мол күрделі жөндеу жұмыстарымен және құрылыспен шұғылданып келеміз. Олар – аудан орталығында «Балапан» бағдарламасы

бойынша салынған 250 орындық балабақша, Малонарым және Алтынбел ауылдарындағы су құбырлары кешендері («Ақбұлақ» бағдарламасы), Алтынбелдегі «Аумақтарды дамыту» бағдарламасы бойынша салынған ауылдық дәрігерлік амбулатория және т.б. Ауылдарды көркейту, көшелерді жарықтандыру, жолдарды жөндеу бойынша да көптеген жұмыстар атқарылды.

Дегенмен, тендерлер мен конкурстарда жеңіске жету үшін, бәсекелестікке қабілетті болу қажет. Сондықтан, өндірістік қуаттылығымызды және базамызды нығайтуға өте зор көңіл бөлеміз. Олар – асфальтбетон, кірпіш, шағын уатқыш зауыттары, жиһаздар, тротуарлық тақашалар, пластик бұйымдар шығаратын, шлак пен құмнан блоктар, темірбетонды бұйымдар даярлайтын қосалқы цехтар.

Бұл бағыттардың басымдығы – қазіргі тоқырау кезеңіндегі аса маңызды мәселе – тұрақты жұмыс орындарын сақтау. Сондықтан, өңірімізден тыс жерлерде де жұмыс іздестіруге тура келеді. Мысалы, өткен жылы облыс әкімінің тапсырмасы бойынша біз Зырян ауданында оңалту орталығын өзгерту және мектеп құрылысының жұмыстарын аяқтадық. Бұл нысандардың екеуі де сәтті тапсырылды.

Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетуге зор көңіл бөлеміз, спорттық және басқа да мәдени-көпшілік шараларды өткізуге демеушілік көрсетеміз. Оларға жыл сайын бірнеше миллион теңге бөлініп отырады.

Әрине, күрделі жөндеу жүргізілетін және салынатын құрылыстар жергілікті құрылыс ұйымдарына берілгені дұрыс деп ойлаймын. Өйткені, ауылдық құрылысшы үнемі іссапарда жүрсе, қосалқы шаруашылығымен – мал бағып, бау-бақша өсірумен шұғылдана алмайды, бала тәрбиесіне де көңіл бөле алмайды. Ал, мұның барлығы – мемлекет үшін бір тізбектегі маңызды мәселелер: азық-түлік қауіпсіздігі, жұмыспен қамтамасыз етілу, гендерлік саясат, ауылдық жерлерде адамдарды тұрақтандыру тіпті, кәсіби бағдар беру жұмыстары. «Нұр Отан» партиясының депутаты ретінде мен бұл мәселенің шешілуі жайлы пікірімді кез-келген деңгейде қорғауға әзірмін.

Нығмет Шаухин,
аудандық мәслихат депутаты, «Нарын-Сервис» ЖШС-нің директоры.

ӨНЕГЕ

Өмірге үлкен із қалдырған

-Әже, мен бес әкелдім, менде де бес бар, - деп, есіктен жамырай кірген Жанер мен Анельді бауырына басып, айналып-толғанған Бақтыжамал Құниязова қолындағы кіші ұлы Рафхаттың келіп кеткенін аңғармай да қалды.

-Бізді әкем әкеліп тастады,-деген немерелерінің сөзінен кейін ғана түскі асты бірге ішуге шақырмақ болып, әйнек алдына барып еді, үйден біраз жерге ұзап кеткен ақ ВАЗ-дың құйрығын ғана көрді.

Дүйсенбі күндері ғана ауылда, кеңсе жұмысымен отырып, қалған уақытын орманда, өз айналымында өткізетін Алтай орманшылығының инспекторы Рафхаттың жұмысы да тым мазасыз. Қайта бүгін мектептен шыққан балаларды үйге жеткізіп салуға уақыт тапқаны мұндай жақсы болар ма? Өйтпегенде, мынандай суықта, әсіресе, бірінші сыныпта оқитын Анель ауылдың ең шетіндегі үйге қалай жетер еді? Ауруханада қызмет істейтін келіні Лаураның да бұрылуға мұршасы жоқ. Бұл не заман өзі? Бәрі асығыс, жүгіріс. Не десек те, бұрын заман да, адам да кең болған ғой. Өйтпесе ері Елжан Мұстафин екеуі жұмыста жүріп он баланы өмірге әкеліп, оқытып, өсіріп жеткізер ме еді деген сияқты оймен жүріп, Жанер мен Анельдің киімдерін ауыстырып, беті-қолдарын жуып, үстел басына отыруын бақылады. Сөйте жүре, бүгінгі ұрпақ шыныменен де бақытты, осы бақытты көтере алса жарар еді деп, ойын түйіндеді.

Жетпіс жасында өмірден қайтқан



ері Елжан екеуі қырық жеті жыл бір шесінде өмір бойы механизатор болып еңбек еткен ол, өте еңбекқор, әулетке де, көпке де сыйымды, қанағатшыл адам еді. Отбасын, балаларын өте жақсы көрді. Алған аз-мұз айлығының бір тиынын да босқа шашпай, үйге әкеліп, отбасының қажетіне жұмсады. Бақтыжамал алай да Е. Мұстафиннің тапқан-таянғанына қарап, үйде отырмады. Жиырма бес жыл Рыков атындағы орта мектепте қамту қызметшісі болып жұмыс істеп, отбасының қамытын ерімен бірге киді, зейнетке де сол жерден шықты.

-Шынын айтқанда, балаларды қазіргідей мәпелейтін бізде

уақыт та, жағдай да болған жоқ,-деп, өткен күндерді еске алады Б. Құниязова. -Жан сақтау керек. Елден қалмайық деп тырбанып еңбек еттік. Кеңшардың шаруасын өзің білесің. Елжанда қыста болмаса, өзге жыл мезгілінде демалыс болған жоқ. Таңның атысынан, күннің батысына дейін егістікте, жем-шөп дайындау жұмысында жүрді. Мен болсам мектептемін. Ол кезде оқушылар қазіргіден екі-үш есе көп. Тазалықты ұстау керек. Таңертеңнен кешке дейін мектептен шықпадық. Мектептің атшаптырым ауласын күніне сан рет жуып, тазартамыз, қабырғаларын ағартып сылап, қыста оншақты пешке от жағамыз.

Сондағы алатын айлығымыз - 45-60 сом. Балалар бірін-бірі жетелеп өсті. Бұдан олар кем-қор болған жоқ. Мейірімділік пен бауырмалдылықты бойларына тұндырып, өз беттерімен қиындықтарды жеңуді, өмір сүруді үйренді. Қазір құдайға шүкір, барлығы үйлі-баранды болып, немере, шөбере сүйгізіп отыр.

Қай ата-ананың болсын ең үлкен бақыты - балалары ғой. «Батыр ана», «Алтын алқа» сияқты мемлекеттік наградалардың иегері Бақтыжамал Құниязова мен марқұм Елжан Мұстафиннің отбасынан түлеп ұшқан ұл-қыздардың барлығы да өз істеріне мықты, көпке сыйлы болған азаматтар мен азаматшалар. Атап айтқанда, үлкен қыздары Майра мұғалима болса, үлкен ұлдары Марат бүгінде аудандағы малемгерлік қадағалау бөлімін басқарады, Әлия медицина қызметкері, қалғандары Ләйлә, Ғалия, Мұрат, Фархаттар кәсіпкерлер, Рафхат табиғат күзетінде. Ира ғана денсаулық жағдайымен өз отбасында, балаларына бас-көз болып отыр. Отбасылық мерекелерде, демалыстарда олар балаларымен бір шеті сонау Алматыдан бері Катонқарағайдағы қара шаңырақтарына жиналғанда, Бақтыжамал Құниязованың көңілі өсіп, марқайып, бір жасап қалады. Өйткені, ол мұндайда босқа өмір сүрмегенін, өмірге үлкен із қалдырғанын сезінеді.

Жәнібек Қызыр,
Сурет автордікі.

Пайдалы семинар-кеңес



2016 жылдың қаңтарында Катонқарағай және Үлкен Нарын өңірлері әлеуметтік қызметкерлерінің семинары өтті. Күн тәртібіндегі маңызды мәселелер талқыланды. Олар:

- денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министірлігінің № 541 және ҚР ұлттық экономика Министірінің №496 бірлескен бұйрығының орындалуы;

- әлеуметтік қызметкерлердің рейтингін ұйымдастыру;

- құқықтық білімді арттыру «ҚР Еңбек Кодексі», «ҚР мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заңдары талқыланды.

Бірінші, екінші мәселелер бойынша Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің

үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі Г. Теленчинова ДСМ және ҚРҰЭМ бірлескен бұйрығы туралы түсінік берді, әлеуметтік қызметкерлер жұмысының сапасын, жұмысқа деген қызығушылығын көтеру мақсатында рейтинг ұйымдастыру туралы айтты. Әлеуметтік қызметкерлер Г. Сіләмова заңдардағы өзгерістер туралы мәлімдеді.

Семинар қатысушылары өз жұмысын жаңа сатыға көтеру керектігі туралы шешімге келді.

**К. Кудиярова,
Катонқарағай ауылының
әлеуметтік қызметкері.**

Жолдауға пікір

МАҚСАТҚА ЖЕТКІЗЕР МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ



Қоғамдық құрылыстың мәртебесі мен стратегиялық құқықтық идеялардың түйіні Ата Заңымыздың талабына сәйкес, азаппен келген азаттығымыздың, тәуекелмен келген тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында, Елбасы өзінің кезекті Жолдауын жариялады. Бір қаламның ұшымен жазылып, барша қауымның жүрегіне орнаған Елбасы Жолдауы - әр сөзінің артында астары, әр ойының астында әрі бар, даналықтан, ұлы ақылдан құрылған, еліміздің келешегіне бағыт-бағдар беретін басты құжаты. Халқымыздың қазіргідей жауапты кезеңде жария етілген Елбасы Жолдауына қатты қызығушылық танытуы заңды да, өйткені Президент Жолдауы мемлекеттің алдағы міндетін айқындайтын, халықтың алдына жаңа міндеттер қоятын бұл құжаттың жүзеге асырылуы елдің күрделі әлемдік жағдайындағы дамуының жаңа жолын айқындайды. Елбасы әлем мен еліміздің дамуының бүкіл сын-қатерлерін жеткізе келе, жалпы әлемді жайлаған дағдарыстың дабырмен емес, сабырмен ғана шешілетінін ұқтырды. Дағдарыс кезінде жаңа қатерлермен бірге, тың мүмкіндіктер де қатар өрбитінін нақтылап, жаңа заманда дамудың басты бағытын айқындайтын, дағдарысқа қарсы басты стратегия 3 қарапайым, бірақ маңызды - өсім, реформалар, даму ұғымдарымен үндес екенін жеткізді. Президент Жолдауы - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, ел азаматтарының әл-ауқатын арттыру үшін елді жаңғыртуды дәйекті де, жүйелі түрде жүзеге асыратындай етіп құрылған. Қиын-қыстау заманда экономикамызды заңа заман талабына сәйкестендіріп қайта құру, озық техникалық кадрлар, әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымдар құру, экономиканың инновациялық әлеуетін арттыру, смарт-технологиялар, болашақтың энергетикасы, жобалау мен инжиниринг саласындағы біліктілікті арттыру маңызды екенін атап өтті. «Бес институттық реформаға» жол ашқан сәттен-ақ Президент іс жүзінде Қазақстанның жаңаша трансформациялануын бастаған еді. Олардың негізгі бөлігі қазірдің өзінде заңнамалық деңгейде қамтамасыз етіліп те қалды, соның арқасында таяу арада-ақ біздің еліміз сапалық тұрғыдан жаңғырып сала береді. Әлемдік рейтингте бизнес үшін қолайлы жағдай жасалған

елдер рейтингісінде еліміз жоғарыдан көрінуі үшін шетел инвесторларын, бүкіл әлемнің таңдаулы технологиялары мен ең озық ақыл-ойды тарту жөнінде ауқымды кешенді жұмыс атқаруымыз, жаңа жаһандық нақты жағдайда жұмыс істеуге бейімделіп қана қоймай, үйренуіміз қажет. Сондықтан да, кәсіпорындар мен меншікті тіркеу ресімдері, неше түрлі рұқсат берулер, инфрақұрылым мен займдық құралдарға қол жеткізу, сыртқы рыноктарға жол ашу сияқты жайлардың бәрі де оңайлатылатын болады.

Елбасы Үкіметке жекешелендірудің жаңа бағдарламасы, инвестициялық ахуалды жетілдіруге бағытталған Үкімет кеңесін құру, 2016 жылдың 1-тоқсанының соңына дейін еңбекпен қамтудың жаңа Жол картасын жасауды тапсырды. Бұдан былай мемлекет әлеуметтік салада әлсіз қорғалған азаматтарды қолдауға және адам капиталын күшейтуге барынша ден қоятын болады. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мемлекеттік қызметкерлерді қолдау, зейнетақыны, стипендияны және мүгедектігі мен асыраушысынан айырылғанына байланысты жәрдемақыларды көбейту мәселелері ұдайы назарда тұрады. Мемлекет басшысы ұсынып отырған жаңа әлеуметтік саясаттың түпкі мақсаты - жоғары сапаны қамтамасыз ету және нақты мұқтаж адамдарға атаулы әлеуметтік қолдау көрсету.

Елді кең ауқымды индустрияландыру және ғылымды қажет ететін экономиканы дамыту, техникалық кадрларды күшейту мен кәсібилендіру идеясы дамудың шешуші ролін атқарады. Елбасы Жолдауында экономикалық және әлеуметтік жетістіктермен қатар өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ерекше көңіл бөлгендігі қуантты. Оларды тиімді кәсіпті меңгеруге, өркендеп келе жатқан ел болашағына тыңғылықты үлес қосуға үндеді және жұмысшы кәсібінің беделін қайта көтеру керектігін айтты, мұның өзі еңбек нарығын білікті жұмыс қолымен жеткілікті толтыруға жәрдемдеседі. 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап, тиісті мемлекеттік бағдарлама іске қосылатыны, соның арқасында жастардың техникалық және кәсіптік білімді ендігі жерде тегін алатын болғаны өте қуанышты.

Елбасы Жолдауы елімізге жаңа серпін беріп, халықтың болашаққа деген сенімін арттырары, Мәңгілік еліміз келешекте өркендетті, дамыған елдер қатарынан орын алатыны сөзсіз.

Ауданның әр азаматын Жолдаудың іс-жүзінде жүзеге асуына бірлесе атсалысуға шақырамын.

**Қ. Нұрқанов,
аудандық әділет
басқармасы басшысы.**

Имандылық

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР БІРЛЕСІП ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ КӨШТІ

Жақында Катонқарағай ауылындағы мешіт үйінде ардагерлер мен әйелдер кеңестерінің мешіт алқасымен біріккен отырысы болып өтті.

Онда мешіт үйінің қазіргі жағдайы, ұлттық салт-дәстүрлерімізді сақтаудағы діни қызметкерлердің рөлі, әлемді жайлаған дағдарысқа қарсы тұруға, беталды ысырапшылдыққа жол бермеуге тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу жайында кеңінен әңгіме қозғалды.

Отырғандар алдында ауылдық мешіттің имамы Ерлан Төлеужанұлы Исин есеп берді. Ол өз сөзінде мешіт жұмысын жүргізудегі, мұндағы діни қызметкерлердің халық алдындағы беделін арттыру бағытындағы және де қаржылық қиындықтардан шығудағы бүгінгі таңда атқарып отырған және де алдағы уақытта атқарылатын жұмыстары жөнінде айтып берді. Иә, діни орындар, оның ішінде мешіт үйі мемлекет тарапынан қаржыландырылмайды. Ол барлық жерде халықтың өз еркімен садақаға, батаға, қайтыс болған адамдарды жерлеу мен артын күтуде атқарылатын діни жоралғыларды өткізуге, қалталы азаматтар демеушілік ретінде берген қаржылармен күндерін көріп отыр. Бұл тұрғыдан келгенде, Катонқарағай ауылының мешіті қаржылық мәселеде көп қиындықтарға төзуде. Ауылда кәсібі шалқып тұрған қалталы азаматтар мен азаматшалар аз және де олардың барлығын бірдей діни орынның қазіргі жағдайы алаңдатпайды. Ал, науқандарды өткеру мен садақалардан түскен қаржы мешіт үйін жылытуға кететін отын мен электр қуатының төлемдерінен артылмайды. Мұндай жағдайда мешіт қызметкерлеріне (екі адам) отбастарын асырау, балаларының тамағы мен киім-кешегін, оқу құралдарын тауып беру оңайға түспейді. Мешіт шығындарын азайту мақсатында имамның өзіне пеш жағып үйді жылыту, отын әкеліп, кестіру, ауланы тазарту сияқты жұмыстарды атқаруға тура келіп отыр. Өткен жылы Ерлан Исиннің бастамасымен, қосымша қаржы табу мақсатында мешіттің бір бөлігіне шағын қатымхана жасау жұмыстары қолға алынып, қосымша ас үй бөлмесі салынғанды. Қаржының тапшылығынан

ол да толық бітпей тұр.

Мәжіліске қатысушылар бүгінгі күні мешіт қызметкерлері төзіп отырған қиындықтарды түсіне, сезіне отыра, олардың әлі де болса мешіт жұмыстарын толыққанды жүргізе алмай отырғандығын, қалың көпшілік арасындағы беделдерінің түсіп кеткендігін ашық айтты. Атап айтқанда, ауылдық ардагерлер кеңесінің мүшелері Қабылбек Бөленханов, Марат Панинов, Қадыр Нұрқанов, мешіт алқасының мүшесі Ерсайын Нұрсеев тұрғындар арасында имандылықты, шариғат жолын насихаттау жұмыстарын жандандыруды, ең алдымен діни қызметкерлер арасындағы тәртіпті күшейтуді, жаназаны өткізуге басқа емес, мүмкіндігінше имамның өзі баруын талап етті. Сондай-ақ, осы мәжілісте имамнан зират басында тәртіп орнату, жаназа шығару кезінде боссөздікке жол бермеу, о дүниелік болған адамды қойған күнгі, қырқы мен жылындағы астың дастарханын қарапайымдау (тек ұлттық тағамдармен), тонатпау, «ауыспалы» көйлек-көншектерді таратуды қойдыру сұралды. Сөйте тұра, мәжілісте мешіт үйін ағымдағы жөндеуден өткізу, ішін ағарту сияқты жұмыстарға көпшілікті тарту, қаржылай көмек көрсету туралы да сөз болды. Жергілікті кәсіпкерлер, мешіт алқасының мүшелері Ертай Кешілбаев, Тоқтасын Бәкімбаев, әйелдер кеңесінің мүшесі, дәрігер-зертханашы Сайлағұл Мәлғажина жоғарыда айтылған ұсыныстарды толығымен қолдай келе, ауылдық мешітті ұстау, оның жұмысын жандандыру тек діни қызметкерлердің ғана шаруасы емес, ол бүкіл ауыл тұрғындарының міндеті деп түсінетіндіктерін, өздері мешіттен ешқандай да көмектерін аямайтындықтарын білдірді.

Отырыс соңында жоғарыдағы айтылғандарды іске асыру, ол үшін қалың көпшілік арасында түсінік жұмыстарын жүргізуге имаммен бірлесіп жұмыс істеуге мешіт алқасынан Е. Нұрсеев, Е. Кешілбаев, Ж. Құндабаев, ардагерлер кеңесінен Қ. Бөленханов, М.Панинов, Қ. Нұрқанов, әйелдер кеңесінен С. Мәлғажина, Г. Можанова, А. Аманғұлова бекітілді.

Жәнібек Қызыр.

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №35/274-V шешіміне 3 қосымша
2018 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)

Санаты				Барлық кірістер (мың теңге)
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
		Атауы		
1	2	3	4	5
			I.Кірістер	2913198,0
1			Салықтық түсімдер	574569,0
	01		Табыс салығы	236008,0
		2	Жеке табыс салығы	236008,0
	03		Өлеуметтік салық	192774,0
		1	Өлеуметтік салық	192774,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	112651,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	42326,0
		3	Жер салығы	14148,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	51577,0
		5	Бірыңғай жер салығы	4600,0
	05		Тауарларға,жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	29994,0

		2	Акциздер	2402,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	14933,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	12456,0
		5	Ойын бизнесіне салық	203,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3142,0
		1	Мемлекеттік баж	3142,0
2			Салықтық емес түсімдер	2548,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржы - ландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	200,0

		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	200,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2348,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2348,0
	3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	12000,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2000,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2000,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	10000,0
		1	Жерді сату	2000,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	8000,0
4			Трансферттердің түсімдері	2324081,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2324081,0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2324081,0

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	2913198,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	340620,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13981,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13981,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	85710,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	85710,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	162304,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	162304,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	29836,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27404,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1012,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1420,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	14524,0
		001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14524,0
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	21172,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21172,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13093,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13093,0
02			Қорғаныс	11984,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	11984,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7984,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	4000,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1000,0

	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1000,0
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1000,0
04			Білім беру	1927147,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	77957,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	77957,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1849190,0
		004	Жалпы білім беру	1768085,0
		009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	7016,0
		005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	56527,0
		020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	17562,0
06			Өлеуметтік көмек және өлеуметтік қамсыздандыру	157123,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі	157123,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін өлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22013,0
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	26107,0
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, өлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өлеуметтік көмек көрсету	26568,0
		005	Мемлекеттік атаулы өлеуметтік көмек	5208,0
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1440,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына өлеуметтік көмек	4412,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1161,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да өлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	853,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде өлеуметтік көмек көрсету	43631,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	19334,0
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	2628,0
		025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	3768,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	100997,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	49826,0
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	4450,0
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	30279,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	12421,0

		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	2676,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	51171,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	27966,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	10066,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	70,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7633,0
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	5436,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	154675,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	139958,0
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың өлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16513,0
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5844,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	13529,0
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	84070,0
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	19435,0
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	567,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	11051,0
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1200,0
		015	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	9851,0
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	3666,0
		015	Туристік қызметті реттеу	3666,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	94942,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	69179,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14945,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	370,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1300,0
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1050,0
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	51514,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	13359,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13359,0

Жалғасы газеттің келесі санында.

Жоба

«Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы №105 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21 бабына сәйкес, Катонқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы №105 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3823 тіркелген, 2015 жылғы 06 мамырдағы №33 (7870) «Арай-Луч» аудандық газетінде

жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

«Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ереженің 1 бөлімі 8 тармағы келесі мәтінге өзгертілсін: «8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 070900, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Шулятиков көшесі, 66».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жоба

2016 жылға арналған Катонқарағай ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарын анықтау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 және 7-баптарына сәйкес, Катонқарағай ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Катонқарағай ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарының тізбесі белгіленсін.

2. «Катонқарағай ауданының жұмыспен қам-ту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу шараларын қарастырсын.

Катонқарағай ауданы әкімдігінің қаулысы жобасына қосымша**2016 жылға Катонқарағай ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарының тізбесі**

Табысы аз адамдар;

- жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

- балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар;

- көмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызілікті, көп балалы ата-аналар;

- Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;

- зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);

- мүгедектер;

- Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

- бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

- оралмандар;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;

- жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

- қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;

- терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар;

- елу жастан асқан тұлғалар;

- нәтижесіз жұмыспен қамтылған өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар;

- отбасында бір де бір жұмысшы жоқ адамдар;

- ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін тұлғалар;

- техникалық және кәсіптік білім, орта білім бітірушілер;

- туберкулез ауруынан жазылғандар.

**А.Нұрғожин,
аудан әкімі.**

2015 жылғы 30 желтоқсандағы Катонқарағай ауданының әкімдігінің №560 қаулысы

2016 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырумен қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 6, 7, 8, 18–тармақтарына сәйкес, мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында және жұмысқа орналасуда қиыншылық көретін халықтың әр түрлі топтарын қолдау үшін, Катонқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2016 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. 2016 жылы қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың қоса беріліп отырған тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және нақты шарттары бекітілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың жергілікті бюджет қаражатынан еңбек-ақысының мөлшері 2016 жылға белгіленген ең төменгі жалақыдан кем емес мөлшерінде бекітілсін.

4. «2016 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы» 2015 жылғы 16 қаңтардағы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3680 тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпандағы №16 (7803) «Арай – Луч» аудандық газетінде жарияланған) № 18 Катонқарағай ауданы әкімдігінің қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Катонқарағай ауданы әкімінің орынбасары Б.Т. Рақышеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қ. Байғонұсов,
Катонқарағай ауданының әкімі.**

2016 жылы 29 қаңтарда нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4368 тіркелді.

● Аукцион!

«Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2016 жылғы 23 ақпан күні сағат 15.00-де www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында аудандық коммуналдық меншіктегі жылжымайтын мүлік нысандарын сату жөнінде электрондық аукцион өткізу туралы хабарлайды.

Аудандық коммуналдық меншіктегі нысанды сату 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1174 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен енгізілген өзгерістері бар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген, жекешелендіру нысандарын сату қағидасына (бұдан әрі-Қағида) сәйкес жүргізіледі.

Сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісімен электрондық аукционға аудандық меншіктегі мына нысан қойылады:

Kia Mohave автокөлігі, мемлекеттік нөмірі 026 AA 16, 2010 жылы шығарылған, баланс ұстаушысы - «Катонқарағай ауданының әкімінің Аппараты» ММ-сі. Техникалық жағдайы қанағаттанарлық. Алғашқы бағасы - 7 193 775 (жеті миллион жүз тоқсан үш мың жеті жүз жетпіс бес) теңге. Кепілдік жарнасы – 1 079 067 (бір миллион жетпіс тоғыз мың алпыс жеті) теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлық.

Аукционға үшінші рет жекешелендіру объектісі шығарылған кезде, бағаны төмендету әдісі қолданылып нысанға ең төменгі баға белгіленбейді.

Электронды аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілім веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) **заңды тұлғалар үшін:** бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілді жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);

5) ұлттық куәландырушы орталық берген ЭЦҚ-ның жарамдылығы мерзімін көрсете отырып, Тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде Тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Электронды аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-сы қойылған электронды аукционға қатысуға өтінімді осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Электронды аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және электронды аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Қатысушыларға кепілді жарнаның кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте бір кепілді жарна қатысушыға ол бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін осы кепілді жарнаны енгізген жекешелендіру нысанын сатып алу құқығын береді.

Кепілді жарналарды бөлімнің депозит шотына уақытылы түсіру мақсатында кепілдік жарна-ны өтінімдерді қабылдау аяқталуға дейін үш күннен кешіктірмей төлеуге кеңес береміз.

Кепілді жарна сатушының мына есепшотына төленеді: «Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі БСН 060140000192.

Астана қаласының «ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті» банкі, БСК ККМФКЗ2А, ЖСК КЗ630705034521518006, Кбө 12, КНП 171 (банк қызметтері үшін төлемдер кепілді жарнаның мөлшеріне кірмейді). Төлемнің белгіленуі-аукционға қатысу үшін кепілді жарна.

Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін Тізілім веб-порталында үш минут ішінде өтінім берілген сату нысаны бойынша кепілді жарнаның түсуі туралы мәліметтердің Тізілім дерекқорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

Автоматты түрдегі тексеру нәтижелері бойынша Тізілім веб-порталында қатысушының өтінімінде көрсетілген электрондық мекенжайына өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Аукционға жіберілген қатысушыға Тізілім веб-порталында берілетін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Электрондық аукцион өткізу тәртібі:

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру нысанының бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісі бойынша аукцион:

1) егер аукцион басталған сәттен бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі аукционда жекешелендіру нысанын сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру нысанының бастапқы бағасы осы Қағиданың 36-8-тармағына сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру нысанын сатып